

13 Маусым
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

ЖАС ҰСТАЗДАР – ЖАРКЫН БОЛАШАКТЫҢ БАСТАУЫ

«ҰСТАЗДЫҚ - ҰЛЫ ЕМЕС, ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ» - ДЕП БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ АЙТҚАНДАЙ, МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ӨРКЕНДЕП, ӨСУ-НЕ ӨЗ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСЫП ЖҮРГЕН ӨРБІР АЗАМАТТЫҢ АРТЫНДА ТӨРБИЕ НӨРІМЕН СУСЫНДАТҚАН ҰЛЫ ЕСІМ «ҰСТАЗ» ТҮР. ӨР САЛАНЫҢ ӨЗ ҚИЫНДЫҒЫ БОЛСА, ҰСТАЗДЫҚ СОЛАРДЫҢ ЕҢ ШАРЫҚТАУ ШЕГІ ДЕСЕК, АРТЫҚ АЙТҚАНДЫҚ ЕМЕС. ОСЫ ОРАЙДА, ЖАС ҰСТАЗДАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ, ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІН НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ЖАРКЫН ЕЛДІҢ ШАМШЫРАҒЫ - ЖАС ҰСТАЗ» АТТЫ АУДАН ЖАС ҰСТАЗДАРЫНЫҢ І СЛЕТІ ӨТТІ.



Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы жас ұстаздар еңбегіне табыс тілеп, білім саласына үлес қосып жүрген жастарға Алғыс хатын табыс етті. Келесі кезекте аудандық білім бөлімінің басшысы Серік Меруенов ауданның білім көрсеткішін жоғары дәрежеге жеткізіп, әрқайсысы өзіндік үлестерін қосып отырған ұстаздар қауымын құттықтап, бірқатар ұстаздарды Алғыс хаттарымен марапаттады. Осыдан бірнеше жылдар бұрын

жүрекерінде от, көздерінде шоқ лаулап, шәкіртінің жүрегіне жол тауып, талай белесті бағындыруға асық болып келген ауданымыздың мектептерінде еңбек етіп, білім саласының дамып өркендеуіне үлес қосып жүрген аудан жас мамандары ортада өз өнерлерін көрсетті.

Ойыл аудандық білім бөлімінің және аудандық кәсіподақ жанынан құрылған «Болашақ» жастар қозғалысының атқарып

жатқан жұмыстары да аталып өтті.

Жас ұстаздар жаңашылдыққа деген ұмтылысы мен топпен жұмыс жасау шеберліктерін көрсетсе, қара өлеңді жанына серік етіп жүрген жас педагогтарымыз жүректен шыққан туындыларын тарту етті.

Өуезді ән мен мың бұралған бишілердің өнерімен жалғасқан шарада марапат тапсыру одан әрі жалғасын тапты. Нәтижелі

жұмыс жасап жүрген жас педагогтерге жастар ресурстық орталығы, «АМАНАТ» партиясы Ойыл аудандық филиалы, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, облыстық білім кәсіподағының Алғыс хаттары мен аудандық білім кәсіподақ ұйымының қолдауымен киелі Түркістан қаласына саяхаттауға жолдама табысталды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селпосы.

ДЕПУТАТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗДІ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ СӨКЕН ЗАЙМОЛДИН БАСТАҒАН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ АУДАНДАҒЫ НЫСАНДАРҒА ДЕПУТАТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗДІ. АЛДЫМЕН ЖАҚЫНДА АШЫЛҒАН ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІҢ САЛАНАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУҒА СЕРПІН БЕРЕТІН «БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ҒҰМЫР» ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.



Мәслихат депутаттары бір уақыт өздеріне көңіл бөліп, замандастарымен осы жерде бас қосып, демалысын тиімді өткізуге келген зейнеткерлерге мықты денсаулық, көтеріңкі көңіл күй тіледі. Одан кейін орталық ауруханаға жасалып жатқан күрделі жөндеу жұмысының барысымен танысты. Аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев жөндеу жұмыстарымен толық таныстырып өтті.

Аталған нысан үстіміздегі жылдың қазан айында пайдалануға беріледі деп күтілуде. Сондай-ақ, жобалық-сметалық құжаттарын қарап, мердігер «СК ЭкоСтрой

Групп» ЖШС өкілдеріне жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілуін, күрделі жөндеу жұмыстарының баяу жүріп жатқанын айтып, сапалы болуына бірқатар ескертпелер жасап, алдағы жұмыстарға сәттілік тіледі. Сонымен қатар, олардың тарапынан туындаған ұсыныс-пікірлерді назарға алды. Келесі кезекте депутаттық топ Екпестал және Жаңабаз елді мекеніне барып, газдандыру жұмыстарының барысымен танысты. Қазіргі уақытта жұмыстар ыждағатты жүріп жатқаны көрініп тұр, құрылыс материалдары толық жеткізілген.

ГАБАЙҚЫЗЫ.

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: ОІЗ НЕНІ БІЛМЕЙ ЖҮРБЕІС?

Ауылдарды барынша сақтап, оның тұрғындарының әл-ауқатын арттырып, жұмыссыздық деңгейін азайтуды көздейтін «Ауыл аманаты» жобасының Ақтөбе облысында басталғанына 6 айдан астам уақыт болды. Бүгін де өңірге қарасты елді мекендерде тұратын мыңдаған ауыл тұрғыны үйлерін кепілдікке қойып, бар болғаны 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие алып, өз кәсібін бастап жатыр. Өңірде «Ауыл аманатының» ойдағыдай іске асырылуына жауапты мекемелердің бірі «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ екенін бұған дейін де хабарлаған едік. Бұл жолы аталған мекемеге арнайы барып, ондағы жобаларды басқару департаментінің жұмысымен таныстық.

Біздің сұрақтымызға жауап берген департамент директоры Ақгүл Әкімжанова мұнда жобаға қатысушылардың құжаттары қаралып, несие беру туралы шешім шығарылатынын айтты. Сонымен...

«Бір оқпен екі қоян атуға» болады Ауылдағы үйді кепілдікке қойып несие алу — елімізде бірінші рет қолға алынған іс. Мамыр айында Астанадағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыс әкімі Ералы Тоғжанов «Ауыл аманаты» аясында 6,5 млрд теңге бөлінгенін, бүгінге дейін 700-ден астам отбасының жобасы мақұлданып отырғанын айтқан еді.

Қаражат толық игерілгеннен соң ауылдардағы жұмыссыздар саны — 41,4 пайызға, атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 39 пайызға азайды. Нәтижесінде отбасының орташа табысы 182 мың теңгеден 354 мың теңгеге дейін, яғни 2 есеге артады. Несие ауыл тұрғындарына мал, құс пен өсімдік шаруашылығын дамытуға, кооперативтерді жабдықтауға және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу бағытында шағын кәсіпкерлік ашуға бағдарланған.

Кеңес Үкіметінен соң ауылдардың құлдырап қалғаны рас. «Ауыл аманаты» — сол ауылдарды қайтадан көркейтуді көздейтін бірегей жоба. «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы — «Ауыл аманатының» қаржыландырушы операторы. Жоба басталған ауылдан бастап корпорациядағы жұмыс режимі де өзгерді. Аптаның жеті күнінде, 24 сағат жұмыс жасауға дайынбыз. Олай деуіміз себеп те жоқ емес. Мысалы, шалғай ауылдардан келетін тұрғындар бар. Сол кісілерге қолдайлы болу үшін біз таңда да, түнде де қызмет көрсетіп, барлық сұраққа жауап беріп жатырмыз, — дейді жобаларды басқару департаментінің директоры Ақгүл Әкімжанова.

«Ауыл аманаты» жобасы бойынша қаражат беру тетігі барынша жеңілдетілген. Сондай-ақ ауылдан ат терлетіп Ақтөбе қаласына келудің де қажеті жоқ.

— Бұл жобада құжат жинақтауға жергілікті басқарушы орган басшылары тікелей өздері көмектеседі. Мәселен, тізімде тұрған құжаттардың жеті азаматтардың өз қолында бар. Тәртеуін eGov.kz порталынан алса, қалған екеуін өкімдік береді. Біз үйді бағалайтын компаниялармен де келісіп қойдық. Ол жағынан да мәселе жоқ. Ал жинақталған құжаттарды департаментке ауыл өкілдерінің өздері әкеліп тапсырады. Біз тек кепілшарт құжаттары дұрыс болып, келісімшарт жасайтын уақытта ғана азаматтарды шақырамыз, — деген ол жоба аясында ауылдың көптеген тұрғыны үйінің құжаттарын реттеп алып жатқанын айтты. Қысқасы, «бір оқпен екі қоян атып жатқандар» көп.

Ақерке САТЫБАЛДЫ.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2023

АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «КАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ
2023 ЖЫЛДЫҢ І ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ!

ИНДЕКС

65525

66525

67525

ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА

ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА
(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)

6 АЙ

3292,42

4971,92

2812,42

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)

2-19-98 («КАЗПОЧТА» АҚ)

Ойыл аудандық мәслихатының сайлау өткізу туралы хабарламасы

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес, уәкелілік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясынан жоғары не өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2023 жылдың 14 маусымынан бастап 28 маусымға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;
- 2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;
- 3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға

келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Сайлау туралы Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2023 жылдың 28 маусымға дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға – Жантекова Мөлдір Ұмбетқызы, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-708-541-64-93 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантные места, выбывшие из членов участковых избирательных комиссий.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 14 июня по 28 июня 2023 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 28 июня 2023 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул.Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Жантекова Молдир Умбетовна, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 87085416493, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

Вакансии по избирательным комиссиям:

ЧТО ИЗМЕНИТСЯ В НАКОПИТЕЛЬНОЙ ПЕНСИОННОЙ СИСТЕМЕ С ВСТУПЛЕНИЕМ В СИЛУ СОЦИАЛЬНОГО КОДЕКСА?

С 1 июля текущего года вступит в силу Социальный кодекс, который предусматривает ряд новшеств касательно пенсионной системы.

Расширение инвестиционных возможностей вкладчиков

При передаче пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов и обязательных профессиональных пенсионных взносов в доверительное управление управляющим инвестиционным портфелем (УИП) больше не будет учитываться порог минимальной достаточности пенсионных накоплений. С вступлением в силу Социального кодекса вкладчик вправе будет передать до 50% указанных пенсионных накоплений в доверительное управление УИП.

Также вкладчики, у которых есть добровольные пенсионные накопления, смогут передать в УИП до 100% указанных пенсионных накоплений.

На 1 год сократится срок возврата пенсионных накоплений из доверительного управления УИП в доверительное управление Национальному Банку Республики Казахстан. В настоящее время этот срок составляет 2 года.

Использование пенсионных накоплений на жилье и лечение Пенсионеры, вышедшие на заслуженный отдых по выслуге лет, смогут использовать до 100 % своих пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов, на улучшение жилищных условий и лечение. К такой категории пенсионеров относятся военнослужащие, сотрудники специальных государственных и правоохранительных органов, государственной фельдшерской службы, а также лица, права которых имеют специальные звания, классные чины и носить форменную одежду упрзднены с 1 января 2012 года, и лица, медицинские должности которых сокращены в органах внутренних дел Республики Казахстан с 1 июля 2022 года и 1 января 2023 года, имевшим на момент сокращения должности выслугу лет не менее двенадцати лет и шести месяцев непрерывной военной службы, службы в специальных государственных и правоохранительных органах, государственной фельдшерской службе, при условии продолжения ими работы в медицинских организациях, расположенных в следственных изоляторах и учреждениях уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы. Остальные пенсионеры сохраняют за собой право использовать до 50% своих пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов, на вышеуказанные цели, если размер их пенсионных выплат обеспечивает коэффициент замещения дохода на уровне не ниже 40%.

Увеличение выплаты на погребение Сумма единовременной выплаты на погребение в случае смерти лица, имеющего пенсионные накопления в

ЕНПФ, ДНПФ, увеличится с 52,4-кратного до 94-кратного МРП, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете, но не более имеющихся на индивидуальном пенсионном счете средств умершего лица.

Она может быть выплачена членам семьи умершего.

Обязательные пенсионные взносы работодателя

С 1 января 2024 года в дополнение к имеющимся функциям ЕНПФ предусмотрено привлечение обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР).

ОПВР будет осуществляться только за работников, родившихся после 1 января 1975 года, за счет собственных средств работодателя и устанавливаются от ежемесячного дохода работника: с 1 января 2024 года в размере 1,5% и будет ежегодно увеличиваться на 1% – до достижения 5% в 2028 году. Такое поэтапное введение ОПВР позволит сгладить нагрузку на работодателя.

Обязательный характер пенсионных взносов для всех

Физические лица, постоянно проживающие на территории Республики Казахстан, получающие доходы по договорам гражданско-правового характера, предметом которых являются выполнение работ (оказание услуг), заключенным с физическими лицами, не являющимися налоговыми агентами, а также физические лица, постоянно проживающие на территории Республики Казахстан, работающие в представительствах международных организаций в Республике Казахстан, дипломатических представительствах и консульских учреждениях иностранных государств, аккредитованных в Республике Казахстан, в настоящее время вправе уплачивать ОПВ в ЕНПФ. С 1 июля 2023 года данная категория лиц будет обязана уплачивать ОПВ в ЕНПФ. Таким образом увеличивается охват населения накопительной пенсионной системой для обеспечения адекватными выплатами в будущем. Снижение комиссионного вознаграждения ЕНПФ Величина комиссионного вознаграждения ЕНПФ уменьшится с 0,01 процента от пенсионных активов до 0,008 процента в месяц. При этом она не может составлять более величины, определяемой как произведение 0,04-кратного месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете и действующего на 1 января соответствующего финансового года, и количества индивидуальных пенсионных счетов вкладчиков (получателей) с пенсионными накоплениями по учету обязательных пенсионных взносов, открытых в ЕНПФ по состоянию на 1 число соответствующего календарного месяца.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

"БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР"



1.Әкем қайтыс болғаннан кейін мен жалғыз мұрагер ретінде оның зейнетақы жинақтарына үміткермін. БЖЗҚ-ға оның шотындағы сома туралы сұрау салуым керек пе, әлде нотариусқа жүгінугі керек пе?

«БЖЗҚ» АҚ «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес, салымшы (алушы) қайтыс болған жағдайда, оның зейнетақы шотының бар екендігі, ондағы қаражаттың қалдықтары мен қозғалысы туралы анықтаманы заң бойынша мұрагерлікке құқық туралы куәлікке сәйкес немесе есепте көрсетілген мұрагерлерге жазбаша сұраныс бергенде, не соттарға олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша ұйғарым негізінде, сондай-ақ, нотариустар мен шетелдік консулдық мекемелерге олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша бере алады.

Өзара іс-қимылды оңтайландыру және уақыты үнемдеу, сондай-ақ, "Е-нотариат" бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйесінің көмегімен артық қағаз құжат айналымын болдырмау үшін нотариустардың өздері БЖЗҚ-ға қайтыс болған салымшылардың (алушылардың) Қорда жеке зейнетақы шотының бар-жоқтығы, ондағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы жазбаша

сұраныс жібермей-ақ, онлайн режимінде сұрау сала алады. Сәйкесінше, нотариусқа барып, екендіздің зейнетақы жинақтары түріндегі мұрасын ресімдеу кезінде сізге екендіздің зейнетақы шотындағы қаржы сомасы туралы БЖЗҚ-ға сұраныс жасау қажеттілігі жоқ.

2.Егер БЖЗҚ салымшыларының зейнетақы шоттарына аударымдар жасалмаса, олар жабылып қалады деп оқыған едім. Мен қазір қысқартуға ұшырап, жұмыссызбын. Бұл менің шотым жабылады дегенді білдіре ме? Ол жағдайда менің жинақтарым қайда кетеді?

Жоқ, шотыңыз жабылмайды. Себебі, біз дұрыс түсінген болсақ, сіздің жеке зейнетақы шотыңызда (ЖЗШ) еңбек етіп жүрген кезіңізде аударылған зейнетақы жинағы бар екен.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 27 қаулысымен бекітілген Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу қағидаларына сәйкес, салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ зейнетақы

жинағы болмаған жағдайда, бір ай өткен соң жабылады. Әзірге сіздің ЖЗШ-ңызға жарна аударылмағанымен, онда қандай да бір сома бар, сондықтан жеке зейнетақы шотыңыз жабылмайды. Оның үстіне, оған инвестициялық кіріс есептеліп отырады. Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы жинағының талап етілмеген сомасын алушы не оның мұрагерлері талап еткенге дейін БЖЗҚ есептен шығармайды.

Болашақта жұмысқа орналасатын болсаңыз, сіздің зейнетақы аударымдарыңыз ағымдағы жеке зейнетақы шотыңызға түсуін одан әрі жалғастырады.

3.2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен БЖЗҚ-ға жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары енгізіледі. Бұл қалай жүргізіледі және дамыған елдерде мұндай тәжірибе бар ма?

Дамыған елдерде (Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Жаңа Зеландия) кең таралған ұжымдық (корпоративтік) зейнетақы жоспарлары аясында қызметкер мен жұмыс беруші қызметкердің зейнетақы шотына бірлескен жарналарды аударып, яғни жұмыс беруші өз қызметкерлерінің зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігін бөліседі.

Жұмыс берушінің тарапынан қызметкердің пайдасына аударылатын жарна меншікті қаражаты есебінен қаржыландырылады. Жұмыс берушілер бұл мүмкіндікті жұмысшылардың адалдығын арттыру, негізгі кадрларды тарту және ұстап қалу құралы ретінде және жұмысшылардың зейнетке шыққаннан кейінгі зейнетақы табысының жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланады. Қазақстандағы жаңа зейнетақы жүйесінің қатысушылары болып жұмыс берушілер пайдасына жұмыскерлердің ай сайынғы кірістерінен есептелген және жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен БЖЗҚ-дағы дербестендірілген шартты зейнетақы шоттарына (бұдан әрі – ШЗШ) жұмыс беруші міндетті зейнетақы жарналарын аударып отыратын жұмыскерлер есептелетін болады.

БЖЗҚ-да ЖМЗЖ есепке алына-

тын ШЗШ ашу ЖМЗЖ аудару кезінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы агент БЖЗҚ-ға ұсына-тын жеке тұлғалардың тізімі негізінде жүзеге асырылатын болады. Әрбір жүйеге қатысушы үшін ШЗШ ашу жеке тұлғалардың тізімдерін қабылдаған күні, жеке тұлғаның пайдасына алғашқы жарна немесе өсімшөл түскен кезде ШЗШ бірегей нөмірін бере отырып, автоматты режимде көзделеді.

Сонымен қатар, ЖМЗЖ-ны 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 1,5 пайыз мөлшерінде, 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап 5 пайызға жеткенге дейін жыл сайын 1 пайызға ұлғайта отырып, кезең-кезеңімен енгізу жоспарлануда.

ЖМЗЖ-ны кезең-кезеңімен енгізу жұмыс берушіге жүктемені жұмсартуға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, ЖМЗЖ 1975 жылдың 1 қаңтарынан кейін туған жұмысшылар үшін ғана жүзеге асырылатын болады.

ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алуға зейнет жасына толған адамдар, сондай-ақ, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе, ЖМЗЖ жүйесіне қатысу өтілі кемінде 5 жыл (60 ай) болғанда құқылы болады.

ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемінің ең жоғары мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына мұгегейленген екі төменгі күнкіріс белгілейтін екі еселенген мөлшерінен аспауы тиіс.

ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері өмір бойына тағайындалады, ағымдағы ай үшін төленеді және қайтыс болған айға немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен айға дейін жүзеге асырылады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінен айырмашылығы – шартты-жинақтаушы құрамдауыштағы ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары мұрагерлікке жатпайды (өйткені, олар қызметкер мен жұмыс берушінің меншігі болып табылмайды). Тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында және (немесе) БЖЗҚ-дан емде-

луге ақы төлеу үшін БЖЗҚ-дан біржолғы зейнетақы төлемдері түрінде алуға да болмайды, ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына да аударылмайды, сондай-ақ, оларға зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік қолданылмайды.Үкімет ЖМЗЖ енгізумен қатар әлеуметтік төлемдер мен салықтық жеңілдіктерді төмендету есебінен жұмыс берушінің еңбекақы төлеу қорына жүктемені азайту мүмкіндігін қарастыруда. Жалпы ЖМЗЖ енгізіле отырып, азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру бойынша жауапкершілік мемлекет, қызметкер және жұмыс беруші арасында бөлінетін болады.

4.Телефон нөмірімді ауыстырайын деп ем, бірақ ұялы қосымшаға кіре алмаймын? Егер көрсетілген нөміріңізді өзгертсеңіз, онда жеке деректерді өзгерту және жаңарту үшін сіз төмендегі екі әдістің бірін пайдалана аласыз:

1) enpf.kz сайтындағы "Электрондық сервистер" бөлімі "Деректемелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу" бөлімшесін таңдап, электрондық-цифрлық қолтаңбаның (ЗЦҚ) көмегімен паракқа кіріңіз;

2) БЖЗҚ және "Қазпошта"АҚ бөлімшелері арқылы жүзеге асырылады. Сайтта өзіңіздің деректемелеріңізге өзгерістер мен толықтырулар енгізіп қана қоймай, ЖЗШ-ның бар екендігі туралы анықтама, ЖЗШ-дан үзінді көшірме ала аласыз, өзіңізді қызықтыратын сұрақпен де өтініш жолдай аласыз. "Мобильдік кеңсесіңіз" шығуына, кері қоңырауға тапсыры беріп, "Зейнетақы калькуляторының" көмегімен болашақ зейнетақының болжамды мөлшерін есептей аласыз. Сондай-ақ, ол арқылы шоттың жай-күйін бақылап, зейнетақы жүйесіндегі барлық өзгерістер туралы білуге, БЖЗҚ-ның жақын жердегі кеңсесінің орналасқан жерін көруге, тіпті байланыс орталығына қоңырау шалуға да болады. Сонымен бірге БЖЗҚ-ның әрбір салымшысы сайт және уялы қосымшаның көмегімен зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үйді жақсартуға немесе емделу-

ге пайдалану құқығын іске асыру үшін немесе инвестициялық портфельді басқаратын компанияларға аудару үшін ЖЗШ-да жеткілікті қаражатының бар-жоғын біле алады.

5.Мен БЖТ-ны ағымдағы айда өткен айлар үшін төлей аламын ба және оны қалай істеуге болады? Бірыңғай жиынтық төлемнің (БЖТ) өз-өзін жұмыспен қамтыған азаматтар үшін салық режимі ретінде қолданысы Салық кодексінде тек 5 жылдық кезеңге – 2019 жылдан 2023 жылға дейін көзделгенін бірден еске салғмыз келді, яғни ол ағымдағы жылдың соңына дейін ғана әрекет етеді.

БЖТ жалпы сомамен төленуі тиіс. БЖТ қолма-қол ақшамен не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар арқылы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының банктік шотына "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" ҚР Заңының талаптарын ескере отырып, қолма-қол ақшасыз тәсілімен енгізу арқылы да жүргізіледі.

БЖТ төлеуді азаматтар өз бетінше немесе олардың пайдасына үшінші тұлға БЖТ төлетін күнтізбелік жылдың айын "ААЖЖЖЖ" форматында көрсете отырып, жүзеге асырады. Бұл ретте БЖТ күнтізбелік жылдың ағымдағы және кейінгі айлары үшін төленуі мүмкін.

БЖТ мөлшері:

•1 АЕК – Республикалық маңызы бар қалаларда, астанада және облыстық маңызы бар қалаларда тұратын жеке тұлғалар үшін (2023 жылы 3 450,00 теңге);

•0,5 АЕК – басқа елді мекендерде тұратын жеке тұлғалар үшін (2023 жылы 1 725,00 теңге).

БЖТ төлемнің төрт міндетті түрін біріктіреді:

•БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары (БЖТ жалпы сомасының 30%);

•жеке табыс салығы (БЖТ жалпы сомасының 10%);

•Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар (БЖТ жалпы сомасының 20%);

•Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар (БЖТ жалпы сомасының 40%).

Өрт – тілсіз жау



Өрт – адам және жануарлар өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне материалдық залалын тигізетін бақылауға алу қиын апат.

Өрттердің 80%-ы адам кінәсінен, соның ішінде өрт қауіпсіздігі шараларын бұздан, ақауы бар құрал-жабдықтарды пайдаланудан болады.

Ал табиғат жағдайында өрттер найзағай соғуынан немесе аптап ыстық кезінде туындайды. Бұны табиғи өрт деп атайды. Нақтылайтын болсақ, табиғи өрт – табиғи ортада өздігінен пайда болып, таралатын және бақыланбайтын жану процесі.

Табиғи өрттер орман және дала өрттері болып екіге бөлінеді. Орман өрті – орман экожүйелеріндегі өздігінен немесе жасанды жолмен пайда болған өрт. Дала өртіне далада және астық алқаптарында өрттің шығуына найзағай, жердегі және әуе көлігінің апаттары, егін жинау техникасының апаттары, лаңкестік әрекеттер және ашық отты немқұрайлы қарау себеп болуы мүмкін. Ең қауіпті жағдай көктемнің соңы мен жаздың басында ауа райы құрғақ ыстық болған кезде өрбиді. Өлсіз және орташа өрттерді сөндірудің ең қарапайым әрі тиімді әдісі – өрттің шетін ба-

сып тастау. Ол үшін ұзындығы 1-2 метр бұтақтардың шоқтарын немесе көбінесе жапырақты шағын ағаштарды пайдаланады.

3-5 адамнан тұратын топ 40-50 минутта ұзындығы 1000 метрге жететін өрттің шетін тасу арқылы өшіреді.

Бұл шешім көмектеспеген жағдайда оттың шетіне бос топырақты лақтыру арқылы өртті сөндіреді. Ол үшін арнайы техниканы қолданған дұрыс, бірақ кейде оны қолмен жасауға тура келеді. Жарты сағатта бір адам өрттің шетінен 20 метрдей жердегі өртті тоқтата алады.

Өрт одан әрі таралмауы үшін оның қозғалу жолында топырақ жолақтары мен кең арықтар орналастырылады. Жолақтарда өртті одан әрі ушықтыратын өсімдік сияқты нәрсе болмауы тиіс. Өрт мұндай жолаққа жеткенде ол тоқтайды.

Жақындап келе жатқан орман өртінің жанама белгілері:

- Жел өкелетін тұрақты күйік иісі;
- Орманның үстінен тұманды түтін тарайды;
- Жануарлардың, құстардың, жәндіктердің мазасыз мінез-құлқы;
- Түнгі жарқырау, көкжиек нүктелерінің бастау алып, бірте-бірте екі жаққа қарай кеңейеді.

Өрт анықталған кезде:

- Асықпаңыз және уайымдамаңыз;
- Жағдайды талдау, эвакуациялау жолын анықтау, ол үшін жердегі биік нүктеге шығу немесе биік ағашқа шығу және айналаға мұқият қарауды ұмытпаңыз. Өрт ошағы шекарасын, оның таралу бағыты мен шамамен жылдамдығын ашу;
- Өрттен жел жаққа қарай (яғни желге бару), өрттің таралуына перпендикуляр бағытта өту керек.

Өрт ошағында өзін-өзі ұстау ережелері:

- Айналаңыздағы ең үлкен аумақты жапырақтардан, шөптерден және бұтақтардан тазарту қажет;
- Киімді мол ылғалдандыру қажет, ауыз бен мұрынды дымқыл мақта-дөке таңғышпен немесе сүлгімен жабу.

- Тез тұтанатын және жанғыш құрал-жабдықтардан құтылу, мүмкіндігінше киімдегі материалдың кепкен жерлерін мезгіл-мезгіл ылғалдандыру;
- Дымқыл жер қазып, тығылу;
- Басты, аяқ-қолды, дененің ашық жерлерін кез келген жанбайтын материалмен ораңыз, мүмкіндігінше оны сумен ылғалдандырыңыз. Өте тығыз байламаңыз, тұтанған жағдайда алып тастауға ыңғайлы еткен дұрыс.

Ербол РЗИН,

Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау КМ мекемесінің «Өрт сөндіру станциясының» бастығы.

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫНДА ӨРТКЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

Қоғамдық мал басын өсіру, одан алынатын өнімдерді арттыру ең бірінші шаруашылықтың жоғары сапалы жем-шөппен қамтамасыз етілуіне байланысты.

Мол да сапалы табиғи мал азығын дайындауға еңбекті механикаландыру дәрежесі елеулі түрде ықпал етеді. Сондықтан шаруа қожалықтардың басшылар науқан басталмас бұрын техниканы жөндеуден өткізіп, сапқа қоюға баса көңіл бөлу қажет.

Мал азығын дайындау кезінде ысырапқа жол бермеудің үлкен маңызы бар. Сондықтан, мал азығын дайындау кезінде өрт қауіпсіздігін шараларын қатаң сақтау керек екендігін естен шығармаймыз. Атап айтқанда олар мыналар:

- жұмылдырылатын техникаларды жарақты өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықтау;
- агрегатта және оның, айналасында темекі тартуға тыйым салу, темекі тарту үшін арнайы орын бөлу;
- тракторлар мен автомобильдердің ұшқын сөндіргіштермен және өрт сөндіргіштермен жаб-

дықталуы;

- электр-газ дәнекерлегішін қолдана отырып, жөндеу жұмыстарын арнаулы орындарда жүргізу;
- ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтындай етіп орындау;
- Ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлік құралымен жүзеге асырылады, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады;

- Тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жемшөптерді жинау ғимараттарға және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта орындау. Көрсетілген қашықтықта ірі жемшөптерді жинау мүмкін болмаған кезде, жинау орны кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 5 метрге дейін қысқартады;

Мыналарға:

- 1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына;
- 2) электр жеткізу желілерінің астына;
- 3) учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі

жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді. Бұл ережелер мал азығын дайындауға ат салысып жүрген әрбір жер деңгейінен 4 метрден аспайтындай етіп орындау;

Соныдықтан да дайындалған мал азығын дайындау, тасымалдау кезінде өрт қаупінен сақтану мақсатында барлық өрт қауіпсіздік ережелерімен талаптарды қатаң сақтау қажет. Өрине, әңгіме арқауы осы байлық көздерін кездейсоқ оқиғалардың бірі – өрт қаупінен сақтау баршамыздың ортақ міндетіміз болуға тиіс. Осыған байланысты барлық жерде мал азығын дайындаумен қатар оны өрттен сақтаудың барлық шараларын қолдану қажет. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігіне қойылатын ережелермен талаптарды орындамау ҚР ӘҚБТ-ы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартыландықты ескертеміз.

Сонымен қатар автокөліктері өрт қауіпсіздігі жөнінде айта кетуді де жөн көрдік. Көбінесе тілсіз жаудың шығуы, автокөліктің электрсымдарының қысқа тұйықталуынан, ТҚС-да тұрған автокөліктерге жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде өрт-техникалық қауіпсіздігін сақтамаудан пайда болады. Сонымен қатар, автокөлік ішінде шылым шегуден де өрт оқиғалары жиі пайда болады. ТЖ саласының мамандары автокөлікте өрт пайда болған жағдайда не істеу керек екеніне назар аудартып, көлік иелеріне арналған мынадай сақтық ережелерін ұсынады.

ҚҰРМЕТТІ АВТОКӨЛІК ИЕЛЕРІ:

- Автокөліктеріңізді дер кезінде техникалық байқаудан өткізгеніңіз дұрыс;
- Үнемі оның дұрыс екенін қадағалаңыз, әсіресе электрсымдарға баса назар аударыңыз;
- Өзіңізбен бірге әрқашанда өрт сөндіргіш құрал болсын, оны қолжетімді жерде ұстаңыз;
- Тәжірибе көрсеткіші бойынша өрт сөндіру кезінде автокөлігіңізге көмір қышқылды өрт сөндіргіш пайдаланған тиімді. Есіңізде болсын! Өрт туындаған жағдайда салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөлімін «101» немесе «112» телефон нөмірі бойынша шақыртып (қоңырау шалу ақысыз), маңдай термен келген еңбектеріңіз еш кетпес үшін қажетті шараларды қолданыңыз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

КӨМІРТЕГІ ТОТЫҒЫМЕН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!



Көміртегі тотығы дегеніміз не? Көміртегі тотығы (СО) – түссіз, дәмсіз, иіссіз улы химиялық қосынды. Бұл құрамында көміртегі бензині, дизель отыны, мазут, та-

биғи газ, көмір, тезек, ағашы бар кез келген отынның толық жанбауының салдары. Көміртегімен уланудың белгілері: Бастың ауырлығы мен пульса-

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ТАҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІ - ӘРКІМНІҢ ІСІ

Адам денсаулығын сақтау факторларының бірі қауіпсіз тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету болып табылады. 7 маусым - Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі күні, ол тағамдық аурулардың таралуы мен тағам қауіпсіздігінің жаһандық проблемасына назар аударуға арналған.

Әдетте, тағамдардан туындаған аурулар-бұл ластанған тамақ арқылы ағзаға енетін бактериялар, вирустар немесе химиялық заттар тудыратын жұқпалы аурулар немесе интоксикация, бұны адамдар арасында тамақтан улану, жедел ішек инфекциясы тіркелуі мен тамақтан болатын аллергияның көбеюінен ақ көруге болады. Ал тұтыну нарығын түрлі азық-түлікпен қанықтыра отырып, азық-түлікті таңбалау мәселесі барған сайын өткір бола түсуде. Сондықтан, сауда объектілерінде өнімді сатып алғанда, тұтынушы бірінші кезекте өнімнің таңбалануына назар аударуы керек. Атап айтқанда, өндірілген күніне, жарамдылық мерзіміне, өнімнің құрамына, дайындаушы белгілеген сақтау шарттарына, тағамдық құндылық көрсеткіштеріне, ГМО-ның болуына, нормативтік талаптарға сәйкестігіне және жалпы айтқанда сатып алынатын өнімнің қауіпсіздігіне. Бұл ақпарат өнімнің пайдалануға дайын екенін және оны мақсатына сәйкес қолданған жағдайда ешқандай зиян келтір-

мейтінін көрсетеді. Бұл ақпарат өнімнің пайдалануға дайын екенін және оны мақсатына сәйкес қолданып, ешқандай зиян келтірмейтінін көрсетеді. Өнім қауіпсіздігінің маңызды шарттары мыналар болып табылады:

- Жеке гигиена ережелерін қатаң сақтаңыз.
- Ауру тудыруы мүмкін микробтар үйдегі ас үйдің, қоғамдық тамақтану орындарының ас блогының азық-түлігінде, ыдыс-аяғында, кесу тақтайшалары мен үстелдерінде, сауда орындарының сөрелерінде, тамақ сақтайтын қоймаларында болуы мүмкін. Осыған байланысты қолыңызды жиі жуыңыз, сауда және қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметкерлері жұмыс орындарында таза ұстаңыз, жұмыс орындарында таза киім киіңіз!
- Тамақ пісіру үшін жеткілікті жоғары температураны пайдалану. Дұрыс термиялық өңдеу барлық дерлік қауіпті микроорганизмдерді өлтіреді. Зерттеулер көрсеткендей, белгілі бір температурада пісіру оны тұтынуға қауіпсіз ете алады.

- Тағамды дұрыс салқындатыңыз және мұздатыңыз. Тез бұзылатын тағамдарды тағамды мұздату ережелерін сақтай отырып, тоңазытқышта, қажет болған жағдайда мұздатықшытарда сақтау. Бактериялардың ба-

сым көпшілігі 5-тен 60 градусқа дейінгі температурада көбейеді. Сондықтан өнімдерді тоңазытқышта 2 сағаттан артық қалмайтындығына көз жеткізу керек. Шикі және дайын тағамдар араласуына жол бермеңіз.

Шикі тағамның дайын тағаммен байланысын болдырмау үшін тағамды контейнерлерде сақтаңыз. Азық-түлікті сатып алу, сату және дайындау кезінде қауіпсіз тамақтандудың негізгі ережелерін сақтау маңызды. Жоғарыда аталған ережелерді сақтансаңыз, сіз өзіңізді және жақындарыңызды аурудан сақтайсыз.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы 2022 жылы ай сайын өнім қауіпсіздігіне мониторинг жүргізді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша өнім қауіпсіздігінің мониторингін шеңберінде 220 тамақ өнімнің сынамасы зерттелді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша барлық зерттелген тамақ өнімдерінің ішінен 6,8% таңбалау жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмеді. Анықталған бұзушылықтар фактілері бойынша өнімнің қауіпсіздігін мониторингілеу барысында 5 ұйғарым берілді.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

БОТУЛИЗМ

Ботулизм – *Ceastriclium botulium* бактерия шығаратын токсинен туындаған сирек, бірақ ауыр сыртқа. Ботулизмді болдырмау үшін кейбір алдын алу шараларын сақтау керек!

- 1) Ботулизм көбінесе нашар консервіленген немесе дұрыс оралмаған тағамнан байланысты. Егер сіз үйде тағамды консервілеумен айналысатын болсаңыз, қауіпсіздік жөніндегі ұстанымдарды ескеріңіз, дұрыс консервілеу әдістерін қолданыңыз және гигиена сақтаңыз.
- 2) Ерекше иісі, сыртқы түрі немесе бүліну белгілері бар тағамдарды тұтынбаңыз.

Алайда өнімнің сыртқы түрін өзгерте алмайтын *Ceastriclium botulium* бактериясы бар.

- 3) Ботулизм кейде нашар пісірілген немесе сақталған саңырауқұлақтарды тұтынумен байланысты.

- 4) Ботулизмнің кейбір жағдайлары пастерленбеген балды тұтынумен байланысты.

Ойыл аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

нумен байланысты болады. Бір жасқа толмаған балаларға постерленбеген балды тұтыну ұсынылмайды.

5) Бір жасқа толмаған балаларға *Ceastriclium botulium* бактериясы жұғуы мүмкін тағамдарды (бал жаңғақ пастасы және шикі немесе толық пісірілмеген тағамдар) беруден аулақ болыңыз.

6) Тағамды дұрыс өңдеуді, пісіруді және сақтауды қамтамасыз етіңіз.

Тағамды дұрыс термиялық өңдеу бактерияларды, оның ішінде *Ceastriclium botulium* бактерияларды өлтіреді және инфекция қаупін болдырмайды.

7) Ботулизмнің белгілері туралы біліп, ауруға күдік туындаған кезде дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Ботулизм сирек кездесетін ауру екенін есте ұстаған жөн және тағамның жалпы қауіпсіздік қағидаларын сақтау және оның пайда болуын болдырмау үшін жеткілікті.

Егер сізде сұрақтар немесе алаңдаушылық туындаса, медицина маманынан немесе дәрігерден кеңес алу ұсынылады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ РӨЛІ

Біз өмір сүріп жатқан қоғамда қарапайым адамдар белгілі бір әдепке сай қарым-қатынас жасайтыны белгілі.

Ал, күнделікті қызметінде тұрғындардың түрлі уәжіне құлақ асып, олардың мәселелерімен айналысатын мемлекеттік қызметшілерге тиісті әдеп нормаларын сақтау басты міндет.

Мемлекеттік қызметшілердің басты ережесі саналатын Әдеп кодексі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген.

Бұл кодекс мемлекеттік қызметкерлердің қызметтегі және күнделікті өмірдегі жүріс-тұрыстарының жаңа стандартын түзді. Соған сай мемлекеттік органдарда әдеп жөніндегі уәкіл енгізілді. Өйткені Әдеп жөніндегі уәкілдің міндетіне мемлекеттік қызметтің әдеп нормаларының сақталуы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексіне қайшы әрекеттердің алдын алу жұмыстарын үйлестіру жатады.

Осы ретте мемлекеттік қызмет-

шінің моральдік бет-бейнесі мен этикасына айрықша көңіл бөлінетіндігін атап өткен жөн. Негізінен мемлекеттік қызметшілер жұмыс уақытынан бос уақыттарында да Әдеп кодексін қатаң ұстауы міндетті. Демек қызметкер барынша сыпайы, өзінің лауазымдық артықшылығын жеке басының пайдасы үшін қолданбайтын адал, кез-келген сәтте сабырлы, ұқыпты болғаны абзал.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жеке өмірінде де аңдап басып, өз ісімен өзгеге үлгі болуды естен шығармағаны жөн. Олардың күнделікті міндеті қарапайым адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асырылатынын ескерсек, мемлекеттік қызметшіге кәсіби біліктілікпен қатар адамгершілік қасиеттер де ауадай қажет.

Қалай десек те, мемлекеттік қызметшінің күнделікті өмір салты тиісті заң талаптарына толық сай болғаны дұрыс. Өйткені ауданымыздың көркеюі мен дамуы, әрбір тұрғынның мұң-мұқтажының уақытылы шешімін тауып, халыққа жақын болып қолдау білдіру, қоғамда туындайтын мәселелерді шешуге көмектесіп, халықпен кері байланыс орнату әрқашанда мемлекетке сенімділікті арттыратыны сөзсіз.

Е.ТІЛЕПОВ,
Аудан өкімі аппаратының басшысы,
Әдеп жөніндегі уәкіл.

ЖАРЫС АЛАҢЫНДА - МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ



Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен медицина қызметкерлері күніне орай жылда дәстүр бойынша медицина қызметкерлерінің республикалық спартакиадасы өтеді. Жырыда «Денсаулық» паркінде облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен «Медицина қызметкерлері салауаты өмір салтын таңдайды» атты спартакиаданың ашылуы өтті.

Жарысқа Ойыл аудандық ауруханасының медицина қызметкерлері белсене атсалысты.

Салауатты өмір салтын насихаттау, сонымен қатар зиянды әрекеттердің алдын-алу мақсатында өткен спартакиадағы жиырма үш команда қатысып, жеңіл атлетика, тоғызқұмалақ, шахмат, үстел теннисі және арқан тартудан бағын сынайды.

Спартакиада 15 маусымға дейін жалғасады.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ - ОРТАҚ МАҚСАТ

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қарқынды жүруде. Осы аталған жемқорлықты жою мәселесіне баршамыз бір ауыздан ат салысқан кезде оң нәтиже берері анық.

Ойыл аудандық соты қызметкерлерімен жемқорлықты жою және онымен күресу жолында бір қатар шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, ауданда орналасқан мемлекеттік және оған теңестірілген мекеме қызметкерлері арасында жемқорлықтың зардабы және жемқорлық қылмысы үшін тағайындалатын жаза түрлері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, аталған тақырыпта мақалалар жарияланды. Алдағы уақытта да аталған бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

Сонымен қатар елмізде жемқорлықты жою мақсатында заң талаптары күшейтілді. Яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның пара беруші адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге ықпал жасай алатын болса, немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе депдал арқылы пара алуы орын алған жағдайда Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 366 бабы бойынша мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге

дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Жемқорлықты жоюдың тиімді тәсілдерінің бірі жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі болып табылады.

Сонымен қатар ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызды іс-шараларды ұйымдастыру арқылы іске асырылады.

Сондықтан жемқорлықпен күрес жолында аталған бағыттағы шараларды үздіксіз атқаруымыз қажет. Қазіргі таңда және болашақта сыбайлас жемқорлық орын алмай, мүлдем жемқорлыққа орын болмауы керек.

Ол үшін баршамыз аталған мәселемен бірдей күресіп, жемқорлықтың ұшықпауының алдын алып, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру арқылы жемқорлыққа қарсы тұруымыз қажет.

Ж.МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық сотының
аға сот приставы.

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ

Алаңсыз өтсін десек...

Оқу жылының аяқталуына байланысты мектеп оқушылары жазғы демалысқа шығатыны белгілі. Осыған орай, ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ БӨЛІМІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫН ЖӨНЕ АТА-АНАЛАРДЫ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СУҒА ШОМЫЛУЫ КЕЗІНДЕ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАУ КЕРЕК ЕКЕНДІГІН ЕСКЕРТЕДІ.



Алғашқы көмек

Әрбір ата-ана жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақытындағы іс-әрекеттеріне көп көңіл бөлгендері абзал. Табиғат аясында, өзендерде суға шомылғанда абай болғандарыңыз жөн. Ересектерсіз суға түсуге, ата-аналардың, ересек жастағы адамдардың спирттік ішімдік ішкен күйде суға шомылуға тыйым салынады.

Себебі, жүзу білмесеңіз немесе өзіңізге белгісіз (ағысы қатты, терең, жар-қабақтар) жерлерге шомылмау керек. Ойыл өзені бойында тыйым салынған аймақтарда шомылуға жол берменіздер. Мәселен, Ойыл селосының маңындағы шомылуға рұқсат етілген жерлер бұл: көпір маңындағы жағалау, Ойыл өзеніндегі «Қасқыр» қазақайы.

Салқын суларда көбіне қол-аяқтар құрысып қалып жатады. Терең сулар кеудені қысып, тыныс алуды тарылтады. Мүмкіндігінше, саспаған (үрейленбеген) дұрыс. Адам су ішінде айқайлап, тырмыса берсе, өлі кетіп, су жұтады. Суға шомылу кезінде төтенше жағдай орын алған жағдайда 103 нөміріне қоңырау шалып медициналық жедел жәрдем шақырту қажет. Медициналық жедел жәрдем келгенге дейін зардап шеккенге алғашқы көмек көрсете білу керек.

Төменде зардап шеккен су жұтқан кездегі көрсетілетін алғашқы көмек, кейбір әдістер келтірілген.

Ауыз қуысын тазарту, сосын зардап шеккенді құтқарушының жамбасына қойып, бұл кезде зардап шеккенің басы жерге қарай салбырап тұруы, кеудесі мен арқасын қаттырақ қысу арқылы іштегі және өкпедегі суды шығару керек. Бұдан кейін тездетіп жасанды тыныс алдыруды жүргізеді.

Белбеулерді, тартпаларды, ормалдарды және т.б. қолдану әдісі: Жүрек қызметін қалыпқа келтіру үшін жасанды тыныс алдырумен қатар жүрекке массаж жасау керек.

Жүрек аймағына әрбір 5-6 басу арқылы жәбірленушінің аузы немесе мұрны арқылы ауа үрлейді. Мұны тыныс алу және жүрек соғуын толық қалыпқа келгенше жасайды.

Жүрек қызметі және тыныс алу қалыпқа келгеннен кейін жәбірленушіні жылытып, жамылдырып және медициналық пунктке жеткізу керек. Сонымен қатар биыл да жылдағыдай, ауданымызда мектептер жанынан лагерь ұйымдастырылып отыр. Бұл лагерлерде балалар ойындар ойнап, жазғы демалыстарын жақсы өткізері анық. Десек те, бұл демалыс орындарындағы балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне көбірек көңіл бөлгеніміз абзал. Яғни, ол орындардың өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі,

мекеме басшылығы мен өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғалардың, қызметкерлердің өрт қауіпсіздігі ережелерін қаншалықты дәрежеде орындап отырғандығы маңызды болмақ. «Тілсіз жау-өрттен» сақтану үшін өртке қарсы барлық шараларды орындау қажет. Өрт кезінде сабыр сақтап, қорқып-саспаған (паника) жөн. Сол сияқты өртте терезенің әйнектерін сындыруға болмайды, өйткені жел соғып өрт қатты өршуі мүмкін. Өрт кезінде түтіндеген бөлмеде қалған адам, мүмкіндігінше тыныс алу органдарын (мұрнын, ауыз) матамен, бинтпен немесе респиратормен тұмшалап алуы тиіс, бұл улы газдардан, түтіннен қорғауға көмектеседі. Өту, кіру және шығу жолдары және өрт сөндіру құралдарының орналасқан жері әртүрлі материалдардан, жабдықтардан бос болуы керек.

Өрт сөндіру іс-шараларына байланысты емес барлық жұмыстарды тоқтатып, ғимараттағы тоқ көздерін ажырату керек. Барлық қызметкерлер мен оқушыларды қауіпті аймақтан қауіпсіз жерге шығарып, адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда, дереу оларды құтқару үшін қолдан келген барлық күш пен шараларды қолдану қажет.

Яғни, әрбір ата-ана жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақытындағы іс-әрекеттеріне (бастауыш класс оқушылары) көп көңіл бөлгендері абзал. Бұнымен айтайын дегеніміз, көшеде, аулада бақылаусыз қалған өшпегені балалар отпан ойнап, кірт оқшаларының орын алуларына жол беріп жатады.

Мектеп оқытушыларына, ата-аналарға айтарымыз, балалардың қолдары оңай жететін жерлерге сіріңке сияқты өрттің шығуына тікелей әсер ететін нәрселерді қалдыруға болмайды. Сол сияқты теледидарды, жылыту аспаптарын, компьютер және т.б. электр бұйымдарын қосулы күйде бақылаусыз қалдыруға болмайды. Сөзімізді қортындылай келе, ата-аналар, оқытушылар бәріміз бірігіп, төтенше жағдайлардан, өрттен аман болу үшін балалардан «кез жазбай» орыны толмас өкінішке жол бермейік.

Доскей НҰРҒАЗИН,
аудандық білім бөлімінің
өдістемелік кабинет меңгерушісі.

«ҰЗАҚ ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ» ҰЛАҒАТЫ МЕН ЫРЫСЫ

Жалпы аудан бойынша 23 білім беру ұйымдары бар болатын болса, биылғы оқу жылын 3350 бала аяқтап отыр. 2022-2023 оқу жылының ерекшелігі, оқу жылының 36 аптаға созылуы. Қазіргі таңда 312 бала 9-сыныпты, 11-сыныпты 160 оқушы, ал 4-сыныпты 325 оқушы аяқтап, жоғарғы сыныптарға өтетін болады. 9 сынып түлектері үшін биылғы жылы да өткен жылдағыдай қабылдау емтихандары болмайды, яғни аттестаттың орташа баллмен емтихан тапсырмай жұмысшы мамандықтарын немесе орта білікті мамандықтарын таңдаған түлектерге мемлекеттік арнайы тапсырыс орындары жергілікті бюджеттен бөлініп отыр. Сондықтан да техникалық және кәсіптік бағдар беретін ұйымдарына құжаттарын тапсыра алады. 11 сынып оқушылар үшін де мамандық таңдауда жеке немесе мемлекеттік жоғарғы оқу орындарына түсу жұмыстары да жүргізілуде.

Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы №88 бұйрығына сәйкес биылғы оқу жылының мерзімінің соңғы сабағы 31 мамырда аяқталды. Осы бұйрықтың негізінде тұжырымдама жасақталып, 25-31 мамыр аралығында әр білім беру ұйымдарында сабақ кестесіне сай нақты оқу сабақтар жүргізіліп және оқу сабақтарының соңында өр сынып жетекші тұжырымдамада бекітілген тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді. Сынып сағаттарының мақсаты - оқу жылының қорытындылау және жазғы демалысқа даярлану.

Сонымен қатар, әзірленген тұжырымдамаға сәйкес 1, 4, 9, 11 сынып оқушылары үшін «Соңғы қоңырау» салтанатты шарасы 1 маусым болып бекітіліп, мектептердің мәжіліс залында, мектеп алаңдарында облыс бойынша сағат 09:00-ге бекітіліп, 40 минутқа созылған салтанатты шаралар өтті.

Жалпы орта білім беру туралы аттестатты 11-сынып түлектеріне тапсыру салтанаты өз мектептерінің қабырғасында 20-22 маусым аралығында өткізу ұсынылды Және де осы тұжырымдамада мектеп бітіру кештерінің де арнайы мақсаты мен алгоритмдері бекітілген. Сынып сағаттары, соңғы қоңырау және аттестат тапсыру шаралары барысында педагогикалық этиканы сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында іс-шараларды өткізуге аниматорларды, демалыс агенттіктерін, жеке студияларды тарту, сонымен қатар, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар алу немесе беру

үшін ата-аналардан ақшалай қаражат жинауға тыйым салына-тындығы қатаң ескертіледі. Сондай-ақ, 9-сынып бітірушілері үшін қорытынды мектеп бітіру емтихандары 2-13 маусым, мемлекеттік емтихан 4 пән қазақ тілі, математика, орыс тілі және таңдау пәндері. Ал 11-сынып түлектері үшін мемлекеттік емтихандар 5-19 маусым аралығында өтетіні ұсынылды, 5 пәннен мемлекеттік емтихан тапсырады олар: қазақ тілі, алгебра, Қазақстан тарихы, орыс тілі, қазақ тілі және таңдау пәні.

Қорытынды аттестаттау кезінде барлық академиялық адальдық Оқу-ағарту министрлігінің арнайы қорытынды аттестаттау өткізу бойынша бұйрығына сәйкес барлық талаптар сақталатын болды. Және де алтын белгісіне үміткерлердің жазбаша емтихандарын арнайы құрылған комиссия тексеретін болады, қазіргі таңда аудан бойынша 23 алтын белгіге үміткер бар.

Болжам бойынша ауданымыздың мектептеріне 2023-2024 оқу жылына 334 бала 1 сыныпқа қабылданады деп жоспарлануда. Ауданымыздың оқушыларының білім додадысында да жетістіктері аз емес. 2022-2023 оқу жылында аудандық іс-шараларға (ғылыми жоба, конкурс, республикалық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы байқау, дебат турнирі) 1500 бала қатысып, оның 275-і облыстық іс-шараларға жолдама алған. Облыстық деңгейде жоғары нәтиже көрсетіп, республика көлемінде оң нәтиже көрсетіп жүрген оқушыларымызда бар. Атап өтетін болсақ:

- Сәндібекқызы Адия – Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп – гимназиясының 2 - сынып оқушысы,
- Әнес Айбар - Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп – гимназиясының 3 - сынып оқушысы,
- Ешімов Әлихан - Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп – гимназиясының 4 - сынып оқушысы - «Бастау» математикалық құрама топтық олимпиадасының облыстық кезеңінің ІІ орын иегерлері, республикалық кезеңіне қатысу үшін жолдама иеленді.
- Амантай Жарқын – Ш.Берсиев атындағы орта мектебінің 10 – сынып оқушысы - Республикалық «Мен Қазақстанды не үшін сүйемін?..» атты шығармашылық байқауының облыстық кезеңінің І орын, байқаудың республикалық кезеңінің сертификат иегері.
- Құлбатырова Аяна – Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің 10 – сынып оқушысы - Республикалық «Абай әлемі» шығармашылық байқауының

әссе бағыты бойынша ІІІ орын иегері.

6. Жақсыгелдин Ілияс – Құрман орта мектебінің 10 – сынып оқушысы - «Яссауитану» білім байқауының облыстық кезеңінің І орын, республикалық кезеңінің сертификат иегері.

7. Бегенбаев Санат – Құрман орта мектебінің 10 – сынып оқушысы - Жас тарихшылардың «Менің кіші Отаным» атты ІV республикалық зияткерлік конкурсының І орын иегері.

8. Базарбай Нұрсұлу – Қарасу негізгі мектебінің 3 – сынып оқушысы - 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының «Зерде» республикалық конкурсының ІІІ орын иегері.

9. Қалыбай Нұрмұхаммед – Соркөл орта мектебінің 7 – сынып оқушысы - 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының «Зерде» республикалық конкурсының ІІІ орын иегері.

10. Алтыбаев Дәулет – Ойыл қазақ орта мектебінің 6 – сынып оқушысы - Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларының республикалық олимпиадасының мақтау қағазы иегері, «Мың бала» ұлттық зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы.

11. Мекебай Азамат – Ойыл қазақ орта мектебінің 11 – сынып оқушысы - Республикалық Дінтанау пәндік олимпиадасының сертификат, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқу гранты иегері.

12. Сабиржанов Ильнар – Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп – гимназиясының 11 – сынып оқушысы - «Мың бала» республикалық мәдени – ағартушылық жобасы аясында өткен облыстық «Өнерлі өрге жүзер» байқауының бас жүлде иегері, Астана қаласында өтетін республикалық кезеңге жолдама иеленді.

13. Аманғалиева Ғазиза – Соркөл орта мектебінің 11 – сынып оқушысы - Облыстық «Әбіш Кекілбаев» оқуларының бас жүлде, республикалық кезеңнің сертификат иегері.

14. Ертай Сабина – Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп – гимназиясының 10 – сынып оқушысы - «Елбасы медалі» жобасының қола медал иегері.

15. Сисенова Айым – Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп – гимназиясының 10 – сынып оқушысы - «Елбасы медалі» жобасының қола медаль иегері.

Ғаухар ҚАЗИЕВА,
Ойыл аудандық білім бөлімінің
жалпыға орта міндетті білім беру жөніндегі бас маманы.